

**К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің  
«Қамқоршылық кеңесінің» отырысының  
№ 3 хаттамасы**

**Ақтөгай селосы**

**24-желтоқсан 2022 жыл**

**Қатысқандар:**

Қамқоршылық кеңес тәрайымы – Елеусізова Г.М.;

Мектеп директоры - Амралина Қ.А.

Д.Стамбеков атындағы бастауыш мектеп директоры Таукеева Қ.

Қарағай бастауыш мектебінің директоры Хасенова Г.

комиссия мүшелері, әлеуметтік педагог.

**Күн тәртібінде:**

1. К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің материалдық-техникалық базасының жаңаруы
2. Әр түрлі мәселелер

**1.Тындалды: Мектеп директоры-Амралина Қ.А.-** Мектебімізде «Ауылдық жердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды және атқарылған жұмыстар бойынша таныстырылым өтті. Мектепте 376 оқушы білім алады, 49 педагог жұмыс атқарады. Іс-шараға Білім беруді тұрақты дамыту қорының директоры Д.С.Тоқтарбаев «Қазақстан Халқына» қорының ресми өкілі Д.Б.Бейсенбек , Aitas Холдингінің әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі вице президенті К.В.Верба,Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Е.Ш.Әлімқұлов қатысты. Бұл жоба «Powered by NIS ауыл мектебі » білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Жоба демеушілері «Қазақстан Халқына» қоры ,Beeline Қазақстан және Aitas холдингі болып табылады. Жоба аясында мектептің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды. Пәндер мен бағыттар бойынша 24 оку кабинеттерімен бірге мектепте қосымша білім беру STEM зертханасы ,Арт-студия,шеберханалар жабдықталды.Ақтөгай ауданының 11 магниттік мектептерінде тірек мектебінің тәжірибесін трансляциялау үшін қажетті база болып табылатын және қосымша білім беруге арналған мектеп телестудиясы орнатылды. Ашылымнан кейін ата-аналар мен қонақтар үшін «Ашық есік» күні өткізілді.

29-қыркүйек «НЗМ» ДББҰ қызметкерлерімен республикалық іс-тәжірибе алмасу отырысы өтті. «Ауыл тірек мектептері» қайырымдылық жобасы аясында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету тақырыбында «НЗМ» ДББҰ басқарма тәрайымы Шамшидинова К.Н.

«Мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерін диагностикалау. Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курсары мен семинарлар» туралы Қабдықерімова Ж.Ж.

«Мектептің аналитикалық тобын оқу-тәрбие үдерісінен мәліметтерді жинау және талдау бойынша мониторинг және оқыту жұмыстарын ұйымдастыру». Тұрсынова Л. «НИС» АОО ТБИ директоры.

«Ауылдық қосалқы мектептер» туралы Дошанова А.И. DTOiK аға менеджері.

Қарағанды қаласының Зияткерлік мектебі базасында мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасымен Якупов Р.М. Қарағанды қаласындағы «НЗМ» ДББҰ филиалының директоры таныстырып өтті.

Отырыс барысында Шамшидинова К.Н. қоғамдық өмірде көрініс тапқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңаулар, жаңалыққа бетбұрыстар педагогтерді өз істеріне сын көзben қарауға итермелейтінін, өйткені, окушыларға берілетін білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мұғалімнің іс-әрекеті, беретін білімі мен үлгі-өнегесі арқылы қалыптасатынын атап айтты. Осындай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол мәселелерді шешу педагог мамандардың алдына зор міндеттер жүктейтіні туралы сөз қозғалды. Эр баяндама мазмұнды да, мәнді болды.

Аудандық білім бөлімінің басшысы С.М. Жунусов, К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ директоры К.А. Амралина іс-тәжірибе алмасу отырысын "Әдістемелік вернисаж" көрмесімен бастады. Эр мұғалім, әр окушының жобалық жұмыстары қайталанбас, қызықты әлемінен сыр шертті. Магниттік мектеп окушылары да көрмеге үлкен дайындықпен қатысты. "Өнер" мектебінің окушылары өз өнерлерімен мектеп окушыларын қанаттандыра алды. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман-уақыт талабы, Үстаздардың қызметі үздіксіз ізденіспен байланысты деген ой түйінделді.

**2.Тыңалды:** Әлеуметтік педагог-Азимбаева Г.Қ.- Облыс әкімінің шыршасына К.Байсейітова атындағы тірек мектебінен толық емес отбасынан 1 –оқушы 5 сынып оқушысы, Бақдәulet Каусар қатысады.

**Сөз алды:** Қарағой бастауыш мектебінің директоры міндеттін атқарушы – Хасенова Г.Б. – Облыс әкімінің шыршасына қатысатын оқушылар жоқ

**Сөйледі:** Д.Стамбеков атындағы бастауыш мектеп директоры Таукеева Курмет Галымзадаевна : Облыс әкімінің шыршасына қатысатын оқушылар жоқ.

## Шешімі:

- 1.К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің материалдық-техникалық базасының жаңаруы туралы ақпарат есепке алынсын.
2. Жаңа жылдық шыршаға баратын оқушылар тізімі макұлдансын,әрі қарай жұмыс жасау әлеуметтік педагогке жүктелсін.

1. Елеусізова Г. Қамқоршылық кеңес төрайымы Г. Елеусізова
2. Беріғұл Ж. –комиссия мүшесі /КТДЖ инспекторы/ Ж. Беріғұл
3. Кәрімхан Қ- комиссия мүшесі /Жұмыспен қамту орталығы/ Кәрімхан
4. Кулатаева Ж- комиссия мүшесі/ата-ана/ Ж. Кулатаева
5. Сыздықов Т.-комиссия мүшесі/зейнеткер/ Т. Сыздықов
6. Мұбарат С.-комиссия мүшесі /ата-ана/ С. Мұбарат
7. Абильгасимов К.-комиссия мүшесі /зейнеткер/ К. Абильгасимов
8. .Отыншин Е. -комиссия мүшесі /ТОО «Берер»/ Е. Отыншин
9. Абдикаримова Г-комиссия мүшесі /ата-ана/ Г. Абдикаримова
- 10.Кейкибаева Н.-комиссия мүшесі/ата-ана/ Н. Кейкибаева
11. Кишкентаева Ж.-комиссия мүшесі/ата-ана/ Ж. Кишкентаева

Хатшысы



Нукешева Ж.